

**Павлодар қаласы №19 жалпы орта білім беру мектебінің
мектеп асханасының жұмысын бақылау жөніндегі комиссияның
жұмысының мониторингісі**

Комиссия құрамы: мектеп директоры Бекбаева А.Т., ДТІЖО Саденова Р.Ж., әлеуметтік педагог З.Е. Есебаева., медбике Кусаинова А.У., ата-аналар комитетінің төрайымы – Боранбаева Р.А., қамқорлық кеңесінің төрайымы – Камешева И.Б мектеп асханасының жұмысын тексерді.

Тамақтануды ұйымдастыру және сапасы бойынша жұмыс барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік: тамақ дайындау мен сақтауға арналған жаңа азық-түлік және биологиялық құндылықтарды енгізу арқылы оқушыларға арналған тамақтану сапасы жақсарды, мектеп асханасында тамақ өнімдерін сақтау, тасымалдау және сату сатыларындағы өндірісті бақылау жүйесі, балалар мен жасөспірімдер үшін жоғары сапалы және қауіпсіз тағамға қол жеткізудің түпкі мақсаты: асхана штаты, жұмысшылардың қажетті санын бөлу ұйымдастырылған.

Бүгінгі таңда мектеп оқушыларына тамақтанудың дәстүрлі әдісін пайдаланады. Асхана қызметкерлеріне арналған жұмыс киімін кию міндетті болып табылады.

Бұл санитарлық-гигиеналық стандарттарға сай келуге мүмкіндік береді және мектептің асханасы қажетті ыдыстармен жабдықталған. Оның тазалығына көп көңіл бөлінеді. Жуу және дезинфекция санитарлық-гигиеналық тәртіптің барлық нормаларын сақтай отырып жүргізіледі.







Мектеп асханасының интерьерінде ақпараттық стенд жасалынды; жылу мен тоңазытқыш жабдықтарын тексеру және жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мектеп жалпы білім беру қорының оқушылар үшін тегін ыстық тамақ ұйымдастырады, тамақтануды оқушылардың 100% құрайды. Оның ішінде аз қамтылған, көп балалы оқушыларда қамтылған. Оқушылардың тамақтануы әзірленген және бекітілген ас мәзіріне сәйкес келеді.

Тамақтану және күнделікті ас мәзірінің кестесі асханада ілулі. Сондай-ақ мектептің веб-сайтында-оқу процесіне қатысушылардың барлығына және олардың ата-аналарына күнделікті кесте мен ас мәзір арқылы танысады. Асханада тамақтану кезінде алдын ала тапсырыс береді. Кезекші мұғалімдер кесте бойынша өздерінің кезекшілігін атқаруда. Бастауыш сынып оқушылары алдын – ала тапсырыстарын беріп, топпен келіп тамақтанады. Меню күнделікті директордың қолы мен мөрі басылған ілулі тұр. Дайындалған тағам ас мәзіріне сәйкес болды. Бракеражды журналда әр тамақтың сапасына баға беріліп толтырылған.

Ыстық тамақтан /ет, картоп/, салаттың мөлшері тексерілді. Бәрі нормаға сай.

Ұсыныс:

1. Күнде тағамдардың менюге сәйкестігін қадағалау.
2. Сынып жетекшілері тегін тамақтанатын оқушылардың бақылау күнделігін күнде тексеру және толтырып отыру.
3. Тағамның сапасын бақылау комиссиясы бекітілген жоспар бойынша жұмысын жалғастырады.
4. Асхана қызметкерлерінің жұмысы қанағаттанарлық болып саналады.

Мектеп директоры  А.Т.Бекбаева
ДТІЖО  Р.Ж. Саденова
Әлеуметтік педагог  З.Е. Есебаева
Медбике  А.У.Кусаинова
ата-аналар комитетінің
төрайымы  Р.А. Боранбаева
қамқорлық кеңесінің
төрайымы  И.Б. Кмашева
Жалгер: